

Файлы КМК

Теріліп біткен уақыты: \_\_\_\_\_ 2010 жыл.  
Материалды дайындаған \_\_\_\_\_ Бердібай \_\_\_\_\_ 2010 жыл.  
Бас ред. орынбасары \_\_\_\_\_ уақыты \_\_\_\_\_ 2010 жыл.  
Бас редактор \_\_\_\_\_ уақыты \_\_\_\_\_ 2010 жыл.  
Корректор \_\_\_\_\_ 2010 жыл.

## «КМК МҰНАЙ» АҚ: ІСКЕРЛІК ІЗДЕРІ

Жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтып, облыс экономикасының дамуына және бюджетті толықтыруға өзіндік үлестерін қосып келе жатқан шағын мұнай компаниялары аз емес. Шағын деп салыстырмалы тұрде айтқанымыз болмаса, олардың да алатын орны бөлек. Сондай мұнай компанияларының бірі — «КМК Мұнай» акционерлік қоғамы.

Акционерлік қоғамның аты биыл ғана пайдада болғанымен, ізі әріде жатыр. Бұрын «Көюкіде Мұнай», «Құмсай Мұнай» және «Мортық Мұнай» деп аталған үш жауапкершілігі шектеулі серіктестік бірігіп, 2004 жылдан бастап «Lancaster Petroleum» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды. Ал 2010 жылдың 29 наурызынан бастап «КМК Мұнай» АҚ болып өзгерді. Компанияның аты өзгергенімен, заты сол күйінде қалды, яғни компанияның атқаратын қызмет бағыты, жұмыс жүргізетін аумағы, жұмыс көлемі, жұмысшылар саны — бәрі-бәрі бұрынғыша.

«КМК Мұнай» АҚ-ның мұнай өндіру кешендері Темір және Мұғалжар аудандары аумағында орналасқан. АҚ-ның мұнай өндіру кешені жалпы алаңы 300 шаршы километрден тұратын үш блоктан тұрады, олар бір-бірімен шектес жатыр. Сондықтан да еңбекті ұйымдастыруды қыыншылық жоқ. Кен орны Ақтөбе қаласының оңтүстігіне қарай 250 километр жерде орналасқан, ал Қеңқияқ ауылына 13 километр. Жергілікті мұнай индустрисының орталығы болып табылатын Қеңқияқ өнірі инфрақұрылымның жақсы дамығаны белгілі, атап айтқанда, аймақтық теміржол торабы, мұнай және газ құбырлары, электр қуатымен қамтамасыз ету желілері өндірісті дамытуға мол мүмкіндік береді.

Акционерлік қоғам өу баста құрылғаннан бері білім беру бағдарламаларын, мектептерді, медицина мекемелерін қолдауға, аудандар орталықтары тұрғындарының жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жауапкершілікті өз қызметінің ажырамас белгі, негізгі принципі деп санайды. Жер қойнауы байлықтарын пайдаланушы ретінде жергілікті билікпен жасалған шарт негізінде міндеттемелерді мүлтіксіз орынданап отырады. Келісім-шартта көрсетілген өнірдің әлеуметтік дамуы саласындағы жұмыстар өз күштерімен орындалады, болмаса жұмыс көлемінде қаржы аударылады. Мұнымен қатар, шарттан тыс жәрдем де беріліп отырады. Жергілікті жерлердің проблемаларына, кейбір ұсыныстары мен тілектеріне сергектікпен қарап, демеушілік жасап келеді. Акционерлік қоғам қаланың да бірқатар жұмыстарын қолға алып, жәрдем етеді. Дегенмен, ауылдық жерге көмек қолын созуды парыз санайды. Өйткені ауыл тұрғындарының қалалықтарға қарағанда мүмкіндіктері аз және жәрдемді қажет етеді. Мәселен, 2007 жылы Темір ауданының ауруханасын жөндеп берді, терезелерін алмастырды. УЗИ, микроскоп, гематологиялық анализ жүргізу секілді медициналық құрал-жабдықтар сатып алып берді. Бұрын темірліктердің қан анализін анықтау үшін Ақтөбе қаласына шапқылайтын болса, енді қан анализі ауданның өзінде анықталады. Аудан тұрғындары үшін жедел жәрдем автокөлігі, қоқыс шығару көлігі алым берілді. Ал Сарқөл ауылы оқушыларының мектепке қатынауы үшін «Газель» көлігін сыйға тартты. Қеңқияқ орта мектебіне де компьютер класын жабдықтап, спорттық инвентарьлармен қамтамасыз еті. Балабақшаларға да көмектесіп, қаржы аударып тұрады. Темірдегі жастарға арналап стадион алаңын жасау да қолға алынды. Сондай-ақ Мұғалжар ауданы

тұрғындарының әлеуметтік сұраныстарын етеу жөнінде де бірқатар шаралар жүзеге асуда. Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында Мұғалжар ауданы әкімдігінің мерекеге қатысты шараларының бірқатарына қолдау көрсетілді. Ал Ақтөбе қаласындағы Наумов көшесі тегістеліп, қоршаулар жасалды. Бұл жұмыстарды сапалы орындау үшін мердігершіге тапсырыс берілді. Мұндай көмектердің бәрі еркіті түрде жүргізілді. Ол үшін жыл сайын компания бюджетінен едәуір қаржы бөлінеді. Негізінен қамқорлықты қажет ететін әлеуметтік нысандарға құрал-жабдықтар, спорттық бұйымдар, жиһаздар, ұйымдастыру техникаларын, көліктер алып беруге жұмсалады. Діни мекеемелерге де көмектесуге дайын.

Өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін алдымен компанияның әлеуетін арттыру керек. Егер компания қуатты болса, сонда ғана басқаларға нақты көмектер көрсетуге болады. Міне, осындағы принципті ұстанған «КМК Мұнай» АҚ басшылығы мұнай өндірудің тиімді жолдарын қарастыруда. Техникалық, технологиялық, экологиялық мәселелерді жетілдіруге аса көңіл бөлінеді. Жаңа құрал-жабдықтар мен қазіргі заманғы технологияларға мол қаржы жұмсау арқылы қоршаған ортаны қорғау мәселесіне барынша ықпал етуде. Экологиялық талаптарды сақтау мақсатында ұнғыларды ұнғылау кезінде шығарылатын қалдықтарға қарсы қондырғыларды қолдану, автокөліктердің тек бекітілген жолдармен жүруін қадағалау, ілеспелі мұнай газын барынша сөндіру, жанар-жағар майды сақтау және мұнай тасымалдау үшін жер асты жабық қоймаларды пайдалану шараларын алуда. Ұнғыларды бұрғылауды жобалау кезінде жануарлардың, құстардың қозғалысы ескеріледі. Мұнымен қатар, ауыз судың, техникалық судың шығыны есептеліп, оны қайтадан пайдалану жолдары қарастырылып отыр.

Ауыл адамдарының пікірлерін тыңдал, ұсыныстарына қарай шешім қабылдау мақсатында тұрғындармен кездесіп, қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тұрғындар нақты аумақтарда қоршаған орта тазалығын, өсімдік және жануарлар дүниесін сақтау жөнінде өздерін толғандырып жүрген проблемаларын ортаға салады. Әткен жылдың желтоқсанында Темір ауданының Кеңекияқ ауылында болған қоғамдық тыңдауда компания басшылары Мортық кенишінде және Кеюкide барлау алаңындағы ұнғыларды бұрғылау жобаларын таныстыруды.

Ал биылғы наурызда әткен қоғамдық тыңдауда Мұғалжар ауданы аумағындағы Кеюкide алаңында 4500 метр терендіктегі вертикальді барлау ұнғымасы құрылышының топтық техникалық жобасы тақырыбы қаралды. Қоғамдық тыңдауда ұсынылған жобаны қорғау оңай емес, өйткені бұрғылау кезіндегі пайда мен зиянды жергілікті тұрғындар жақсы біледі. Өйткені олар негізінен мұнайшылар болғандықтан, мұнай өндірісінің бүге-шігесін біледі. Ал қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шығындар өте үлкен қаржыны талап етеді. Мәселен, есеп бойынша барлау ұнғысы құрылышы кезінде 1669 тонна қалдық шығады. Оларды көму немесе басқа жаққа апарып тастау мүмкін емес, сондықтан тісті полигонда сақтау керек, болмаса залалсыздандыру қажет. Қалай болғанда да 100 пайыз залалсыздандыру мүмкін емес. Демек, полигонға тасуға тұра келеді. Осыған қарап қанша шығын кететінін есептей беріңіз.

Су мәселесінде де курделі жағдай туындейді. Бір ұнғы құрылышы кезінде техникалық мақсатқа 6110 текше метр су қажет. Пайдаланғаннан кейін оны тазартуға немесе қайта пайдалануға тұра келеді. Ал қайта пайдалану үшін қалдық суды қоймаға тасу керек. Міне, бұл да шығын.

Қалай болғанда да ұнғыларды бұрғылау процесінде өсімдік, жан-жануарлар әлеміне, қоршаған ортаға қысқа мерзімді кері әсер болады. Мақсат — қоршаған ортаны барынша қорғау. Адамдарға зиян тигізбеу. Жұмысшылар үшін вахталық поселкелер жарақтандырылды. Барлық инфрақұрылымдар қарастырылған.

«КМК Мұнай» АҚ үшін адам факторы басты мәселе болып табылады. Компанияда жұмыс істейтіндердің жатақханасы жан-жақты жабдықталған. Асхана қызметі жақсы жолға қойылған. Сондықтан да мұнда еңбек ететіндер өздерін өз үйінде жүргендей сезінеді.

Соңғы жылдары әлемде жүріп жатқан қаржы дағдарысы «КМК Мұнай» АҚ-ны да айналып өтпеді.. Бірақ іскер үйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде қаржы дағдарысынан жақсы шығып келеді. Өнім өндіру мен оны өткізу жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Сондықтан «КМК Мұнай» АҚ болашаққа нық қадам басуда.

**Бердібай КЕМАЛ.**